

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, 2008 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидиялар көлемін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 30 сәуірде N 1673 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2015 жылғы 1 шілдедегі N 1.14-7/1840 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 01.07.2015 N 1.14-7/1840 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 29 бабы 2 тармағына және "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, 2008 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін, қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 41 қаулысына сәйкес облыс әкімі **ШЕШТІ:**

1. Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, 2008 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидия көлемі облыс аудандары бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін (бұдан әрі - субсидиялар).

2. Аудандар әкімдері мен ауыл шаруашылығы департаменті субсидияны төлеуге арналған бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдалануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.С. Ескендіровке жүктелсін.

4. Осы шешім бірінші рет ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

**Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын
арттыруға, 2008 жылғы көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары
мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын
арзандатуға субсидиялар көлемін облыс аудандары бойынша бөлу**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің
2008.12.04 N 32 Шешімдерімен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он
күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Аудандар	Субсидия сомасы	Соның ішінде дақылдар бойынша				
		дәнді	майлы	азық	картоп	көкөніс және бақшалық
Айыртау	241,175	206,101	33,350	1,608	0,033	0,084
Ақжар	198,324	176,879	3,086	18,340	0,018	
Аққайың	132,441	109,728	9,274	13,179	0,260	
Есіл	190,601	157,403	19,982	12,708	0,153	0,355
Жамбыл	178,287	131,804	42,341	4,143		
Мағжан Жұмабаев	320,833	223,508	71,222	26,030	0,060	0,012
Қызылжар	129,482	93,529	28,565	4,185	1,943	1,260
Мамлют	97,097	90,318	0,053	6,360	0,055	0,312
Ғабит Мүсірепов атындағы	553,582	388,697	132,629	31,979	0,148	0,129
Тайынша	464,378	304,676	113,400	45,619	0,093	0,590
Тимирязев	187,250	134,254	45,475	7,432	0,078	0,012
Уәлиханов	167,180	149,131	7,598	10,451		
Шал ақын	174,332	135,707	27,403	11,095	0,019	0,108
Барлығы	3034,963	2301,735	534,379	193,129	2,857	2,863